



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№92
(2263)
Сені
16 қараша
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ТИІС

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен жылу беру маусымы кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары мен халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты мәжіліс өтті.

Аудан басшысы алдымен жылыту маусымы кезеңіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керектігін айтып, бұл кезеңде келеңсіз жағдайлардың алдын-алу үшін жұмыстарды жүйелі жүргізіп, сақтық шараларын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігін ескертті.

Мәжілісте аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Алтынбек Қалиев аудан көлемінде жылу беру маусымы кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі мен басқа да төтенше жағдайлардың алдын-алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Баяндамашыдан кейін аудан әкімі қала, кент және барлық ауылдық округ әкімдерімен



бірлесіп, әрбір жеке тұрғын үйлерді қайта аралап шығып, өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ бұл жұмыстар жылу беру маусымына дейін жүргізілу керек жұмыстар екендігін айтып, тапсырманы

өз деңгейінде орындамаған бірнеше округ әкімдері мен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысына тиісті шара көруді тапсырды.

Аудан басшысы жылыту маусымынан бөлекте кез-келген төтенше жағдайға дайын болып, оның алдын алу бойынша

жұмыстарды жандандыруды және әрбір адамның қауіпсіздігі басты назарда болуы керектігін ескертті.

Мәжілістің күн тәртібінде екінші мәселе бойынша аудандық көп бейінді орталық ауруханасы бас дәрігерінің міндетін атқарушы Қадірбек Алипов қысқаша айтып берді.

Қадырбек Раманқұлұлы бүгінгі таңда аудандағы денсаулық сақтау саласында оң көрсеткіштер қалыптасқанын, сондай-ақ тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамту бойынша да ешқандай мәселе жоқтығы және дәрі-дәрмектің де тиісті қоры барын жеткізді.

Аудан әкімі халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ең алдымен әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы және мүгедектері бар отбасыларға бағытталуы тиіс екендігін айтып, дәрі-дәрмектердің қолжетімділігін бақылауда ұстап, тұрғындарды уақытылы әрі үздіксіз қамтамасыз етуді тапсырды.

АУДАН ӘКІМІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН КӨРДІ

Биыл Қазалы ауданында елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Оған дәлел: қазіргі таңда ауданға қарасты Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев елді мекендеріне магистральды газ құбыры тартылып, Ақтан батыр ауылына орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстары жасалуда.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет 5 ауылға магистральды газ құбырын тарту жұмыстары мен Ақтан батыр аулына орамшілік газ жүргізу жұмыстарын көріп, мердігер мекемелердің жауапты басшыларымен кездесті.

5 ауылға тартылатын газ құбырының жалпы ұзындығы 56,8 шақырымды құраса, қазіргі таңда оның 12 шақырымына газ желілері жүргізілді. Бұл жұмыстармен мердігер мекеме



«Отау – Строй» ЖШС-і айналысуда.

Ал, Ақтан батыр елді мекеніндегі орамшілік газ

желілерінің құрылысымен «Строительная компания Орда-Құрылыс» ЖШС-і айналысуда.

Жоба бойынша газ құбырының

жалпы ұзындығы – 17,5 шақырым болса, бүгінде оның 15,8 шақырым төмен қысымды және 1,7 шақырым орта қысымды газ желілері жүргізілді. Бұдан бөлек ГРПШ қондырғысының қоршауы әзірленіп, газ желісін ауамен үрлеп тексеру жұмыстарына дайындық жұмыстары жүруде.

Аудан әкімі мердігер мекемелердің басшыларына күн жылы уақытта жоспарланған жұмыстарды мерзімінде бітіріп, биылға жоспарланған қаржыны игеру қажеттігін ескертті. Сондай-ақ жұмыстардың сапасына да мән беруді тапсырды.

Айта кетейік, бұл жұмыстардың барлығы толығымен аяқталғаннан кейін жалпы аудандағы елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 68 пайызды құрамақ.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ФОРУМ ӨТТІ

Бүгінгі күні прокуратураның бастамасымен қылмыстылықтың алдын-алу бағытында аймағымызда 4 жоба іске асырылуда.

Олар: «Нашақорлыққа жол жоқ», «IT TERGEU», «Смарт-білезік», «Қылмыссыз өңір – келешек кепілі» жобалары.

Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Кәрімұлы Ожаровтың төрағалық етуімен 31 қазан күні кеңейтілген форматта Үйлестіру кеңесі өткізілді.

Кеңес жұмысына облыс әкімі Н.Нәлібаев, Бас прокуратураның Стратегиялық даму департаментінің бастығы Ә.Нұрбеков қатысты.

Өткізілген шараларда нашақорлықтың алдын-алу бағытында облыс көлемінде атқарылатын іс-шаралар айқындалып, құзырлы органдарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Бұл бағыттағы жұмыстарды Қазалы ауданында үйлестіру мақсатында «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» іс-шарасы басталды.

Осы орайда, 14 қараша күні «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында Әйтеке би кентінде орналасқан Роза Бағланова атындағы (600 орындық) мәдениет орталығының мәжіліс залында кеңейтілген түрде форум өткізілді.

Мақсаты: 2025 жылға қарай есірткіге тәуелді адамдардың санын азайту, сондай-ақ есірткі тұтынушыларды медициналық-әлеуметтік оңалтумен қамту.

Сонымен қатар, көмелетке толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру, есірткінің алдын алу бағытындағы мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Облысымызда есірткінің заңсыз айналымына қатысты 287 қылмыстық іс тіркелсе, оның ішінде 13 қылмыс Қазалы ауданында тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 30% өсім алған.

Тергеп-тексеру нәтижесімен 11 іс сотқа жолданып, 4 адамға бас бостандығынан айыру жазасы қолданылған.

Есірткі қылмыстардың өсудің себебі, ол барлық құзырлы органдар бір-бірімен

бірлесіп, қарқынды жұмыстар атқару болып табылады.

Мысалы, аудандық прокуратураның күнделікті әлеуметтік желіге жүргізілген мониторинг нәтижесімен, Telegram мобильді қосымшасы арқылы MIL_SHOP_KZ лақап атты қолданушысы Қызылорда облысы көлемінде синтетикалық есірткі түрлерін Қазалы ауданы аумағынан өту арқылы жасырып жеткізетіндігі туралы смс-хат жазу арқылы анықталды.

Аталған дерек бойынша, осы жылғы 30 тамыз күні Қазалы АПБ-мен ҚР ҚК-нің 299-1-бабы 2-бөлігі 4-тармағымен қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған.

Форумға есірткінің түрлері мен олардың зияны туралы арнайы шақырылған Қызылорда облысы бойынша сот-сараптамалары институтының бас сарапшысы Ғалымжан Нурманұлы баяндама жасап, бүгінгі күні есірткінің 160-қа жуық түлерінің бар екенін атап айтып, кеңінен түсіндірмелер беріп, есірткінің құрбаны болмауға шақырды.

Өз кезегінде Қазалы көп

лығына қоғам болып күресу қажеттігін, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлының төрағалығымен қазан айында өткізілген Үйлестіру кеңесінің хаттамалық шешіміне сәйкес «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында өткізілетін шараларды бірлесіп, тиянақты атқаруға шақырды.

Аудан прокуроры Дарын Елтайұлы студенттер мен оқушыларға құқық бұзушылықтарға бой алдырмау жөнінде кеңінен түсіндірмелер беріп, форумға қатысушыларға алғысын білдірді.

жұмыстардың нәтижесінде ағымдағы жылдың өткен мерзімінде ауданымызда жалпы тіркелген қылмыстар алдыңғы жылмен салыстырғанда -15%-ға (125-ден 108-ге) төмендеген.

Атап айтқанда, аса ауыр қылмыстар 90% (10-нан 1-ге), ауыр қылмыстар 6,8% (44-тен 41-ке), орташа санаттағы қылмыстар 27% (37-ден 27-ге), оның ішінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 100% (5-тен 0-ге), ұрлық 4,8% (21-ден 20-ға), алаяқтық 32,3% (31-ден 21-ге), қоғамдық орында жасалған қылмыстар 14% (7-ден 6-ға), масаң күйде жасаған қылмыстар 12% (9-дан 8-ге) төмендеген.

Жалпы қылмыстылықтың төмендеуіне себептерінің бірі, ол аудандық прокуратураның бастамасымен аудандық ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес, кәсіпкерлік бөлім және жеке кәсіп иелерімен яғни, тойхана, кафе меңгерушілері арасындағы өзара ынтымақтастық келісім орнатылып, тойханалардың түнгі жұмыс істеу уақыттары сағат 12:00-ге дейін белгіленіп, бұл жағдай түннің

екінші жартысында жасалатын қылмыстардың төмендеуіне септігін тигізді.

Сонымен қатар, «Бірлесіп көтерген жүк жеңіл» дегендей бұл бағытта атқарылуға тиіс іс-шара жоспары бекітіліп, 5 топтан тұратын жұмысшы топ құрылып, түнгі сағат 22.00-ден 01.00 аралығында рейдтік жұмыстар күнделікті жүргізілуде.

Қазалы аудандық прокуратурасы



АҚЫН ЕЛДІҢ АРДАҒЫ

Қазалының тумасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, балалар ақыны Рахат Наурызбаеваны Сыр өңірінде білмейтін адам кемде- кем шығар.

Рахат Наурызбайқызы 1944 жылы 25 қаңтарда Қазалыда дүниеге келген. Анадан бір жарым жасында, әкеден он жасында жетім қалып, апасы Рәштің қамқорлығымен өсіп, бойжеткен. Өткен шақты саралап, балалықтың бал дәуренін еске алған Рахат апай: - «Бауырым, оқы, оқысаң адам боласың» деген апам Рәштің жалғыз ауыз сөзі мені ұшпаққа шығарды, - деп тебіренеді. Десе дегендей, көп оқығанының пайдасы алдағы өміріне үлкен жол ашты. Рахат апай жас кезінен Ғани Мұратбаевты өзінің бағдаршамы ретінде алдына үлгі тұтты. Оның өмірін зерттеп, оған арнап өлеңдер де жазды. Ғани Мұратбаевтың 75 жылдық мерейтойында республикадан келген қонақтарға Ғани өміріне арналған экспозициямен таныстыру бақыты Рахат апайға бұйырды.

Рахат апай – ұстаз және балалар ақыны. «Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек» –деп, В. Белинский айтқандай, Рахат Наурызбаева балалар ақыны болып туған ақын. Себебі, бала жүрегіне жақын, ой-өрісін дамытатын шығармалары бірнеше оқулықтарға енгізілсе, бірнеше еңбектері көптеген тілдерге аударылды.

Рахат Наурызбайқызының 1980 жылы «Бастау», 1985 жылы «Аққозы», 1993 жылы «Сергек Серік» атты балаларға арналған жыр жинақтары, 1994 жылы «Үй ішімізбенқазақшаүйренейік» атты оқу құралы, 1998, 1999 жылдары 2,3-сыныптарға арналған «Музы-

ка» оқулығына «Жыл басы кім болады?», «Аңдардың айтысы» атты музыкалық ертегі мен сюжетті шығармасы енді. Сондай-ақ, «Білім» баспасынан «Ақ батамен өс, балам!», «Мектептегі сахна сабақтары», «Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары», «Ғылым ордасы» баспасынан «Сүйімбикенің қоштасу дұғасы», «Әуен әлемінде», «Балалар мен жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауының алдын алуда педагогтің рөлі», «Балалар мен жасөспірімдерді эвристикалық әдістермен көркемдік-шығармашылыққа баулу», «Алақаныңда алтын бар» атты жантауы іліміне көмекші оқу құралы, 2003 жылы «Алма берсем аласың ба?», Ұлы Абайды балаларға таныту мақсатында үш тілде дайындалған «Ғажайып әлем» атты балаларға арналған кітаптары жарыққа шықты. Бірнеше өлеңдеріне әндер жазылып, белгілі әншілердің репертуарында айтылып жүр.

Абай Құнанбаев айтқандай, «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақшылық». Рахат апайдың ақындығымен қатар ғылым жолында да атқарған еңбегі ұшан теңіз. Іздену мен талаптың еш уақытта кеш болмайтынын Рахат апайға қарап білуге болады. Елу жасында, яғни 1994-1997 жылдар аралығында Қазан университетінің «Татар тілі» мен «Педагогика» кафедраларында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, 1997 жылы 23 маусымда «Бала бақша-мектеп-жоғарғы оқу орны» жүйесінде жеке тұлғаны шығармашылық бағытта ұрпақтар сабақтастығын қамтып

тәрбиелеу» деген тақырыпта кандидаттықдиссертацияқорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атағына ие болды. 2009 жылы 6 қазанда Қазан университетінде «Оқушыларды халық өнері арқылы көркемдік-шығармашылық іс-әрекетке эвристикалық оқытудың педагогикалық жүйесі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының докторы атағын алды. Бүгінгі таңда автордың 4 монографиясы, 5 жыр жинағы, 15 оқу-әдіскерлік құралы, Қазақстан және Ресейдің Жоғарғы аттестациялық комиссиясы бекіткен журналдарда 38 рет, Прага, Кипр, Париж қалалары мен Япония, Канада елдерінде өткен ғылыми конференцияларда импакт-факторымен 5 рет, Қазақстан және Ресейде өткен ғылыми-практикалық конференцияларда 37 рет, республикалық ғылыми-педагогикалық журналдарда 27 мақаласы, Қызылорда облыстық телерадио торабынан 5 авторлық телехабары мен 200 радиобақыттары жарық көрді.

Рахат Наурызбаева жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін ҚР Білім министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, Ресейдің Халықаралық Бейбітшілік және келісім қорының «За заслуги в образовании», «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Білім көшбасшысы», Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының «Әл-Фараби» медальдарының, Ғани Мұратбаевтің 115 жылдығы, Қазалы қаласының 150 жылдығы төсбелгілерімен марапатталды.

Ардақты апамыздың биыл 80 жасқа толуына орай аймақ

басшысы Н.Нәлібаев арнайы қабылдау жасап, облыстың «Құрмет Грамотасымен» марапаттап, сый-сияпат көрсетті.

Ұстаздық жол, ақындық жол, ғылым жолындағы сан-салалы қиындықтармен бірге, әйел – ананың ғана қолынан келетін мамандық отанасы болуды қатар алып келе жатқан Рахат апамыз отбасында 1 қыз, 4 ұл тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған бақытты ана. Жолдасы Таңатар ағамыз ертерек марқұм болып кеткендіктен, осы балалардың елдің азаматы болып қалыптасуына, өмірден өз орындарын табуына да жағдай жасады. Балалардың барлығы жоғары білім алып, қоғамның әр саласында қызмет атқарып жүр. Үлкен қызы Ахметова Аэ-лита - Қызылорда қаласында тіс дәрігері болып қызмет атқарды. Елге алатындай тиген ковидпен ауырып, марқұм болып кетті. Ұлы Серік – инженер, Ерік пен Алматы қаласында тұратын кіші ұлы Сәкен кәсіпкерлікпен айналысады. Осы балалардан 12 немере, 4 шөбере сүйіп отырған бақытты әже.

Сан-салалы шығармашылықтың, жас ұрпақты білімге, еңбекке, имандылыққа баулыған өлеңдердің иесі, бір ғана поэзиясының өзінде ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, ұлттық тіл мен ұлттық ойындарды дәріптей келе, үлкенді және ата-ананы құрметтеуді әдемі теңеу, орамды оймен жеткізген ақын, ғалым, біздің жерлесіміз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазалы ауданының құрметті азаматы Рахат Наурызбаеваға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз.

Роза АСАНОВА,
Қазалы аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы

САРДАР БАТЫРЛАР МАМАНДЫҒЫ!

ҰЛЫ ДАЛА ӘСКЕРІ - ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ КЕЛ

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

Қазақстандағы келісімшарт бойынша әскери қызмет

Бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ғана емес, сонымен қатар әскери қызметшінің өзін және оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ете отырып, перспективті кәсіби өсуге арналған беделді жұмыс.

Бұл келісімшарт бойынша әскери қызметке келуге шешім қабылдаған азаматтарға, оларға берілетін мүмкіндіктер туралы білуге пайдалы ақпарат.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ҚОРҒАУ ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ МЕН МІНДЕТТІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 36 БАБЫ)

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери қызметке ниет білдірген сардарларға төмендегі жағдай жасалған.

1.Айлық жалақының уақытылы төленуі (әскери қызметшінің еңбек сіңірген жылдары мен лауызымдық жағдайына сәйкес қарастырылған).

2.Мемлекет есебінен айлықақының 20 пайызы зейнеткерлік қорға тұрақты аударулар.

3.Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету. Тұрғын үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда-тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы мөлшері отбасы

мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты төленеді.

4.Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әскери-медициналық мекемелерде мемлекет есебінен медициналық қамтамасыз ету (диагностика, емдеу) қарастырылған.

5.Белгіленген нормалар бойынша заттай мүліктермен (киім-үлгісімен) есебінен қамтамасыз етіледі.

6.Кезекшілік атқарған кезде, далалық шығулар кезінде, ұшуға дайындалу және орындау кезінде, әскери эшелондарға ілесіп жүрген кезде, стационарлық емделуде болған кезде белгіленген нормалар бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

7.Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

8.Жыл сайынғы негізгі дема-

лыс беріледі, әскери қызметшіге демалыс беру екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде төленеді.

9.Мемлекетіміздің жан-жақты қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық әскери ынтымақтастықты нығайту бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер алдына қойған мақсаттары сондай-ақ еліміздің халықаралық белсенді қатысуы шет ел тілдері мен қатар қажетті кәсіби білімі мен әскери қызметшілерді әскери қызметке сардарларды тартуы болып тұр. Осы мақсатта әскер қатарында борышын өтеп келген және әскери кафедра-сын бітірген запастағы (офицерлер) жасы 19-32 аралығындағы азаматтар қабылданады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне қызмет етіп, пәтер мәселесі де сардарларға өз кезегімен шешімін табуда.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке әскер қатарында болған азаматтарды шақырамыз!

Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі
телефон:21-4-33, 22-0-95

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ-ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҚАУІПТІ ІНДЕТІ

Елімізде сыбайлас жемқорлық қоғамның үлкен дертіне айналып отыр. Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, белең алуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуде мемлекет аса сауатты да күшті заңдар мен бағдарламалар қабылдады. Бірақ бұл індеттің тамырланғаны

соншалықты тоқтату, тіпті азайту мүмкін болмай отыр. Қабылданған шаралар бойынша жекелеген азаматтарымыз бен қоғам, құқық салалары болып, қаншалықты күрес жүргізгенмен сыбайлас жемқорлық кеселі тиылар емес.

Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Әрбір адам қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалы жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар

жасалып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Сыбайлас жемқорлық адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа деген сенімін әлсіретеді, қазіргі таңда ең қауіптісі жастардың санасын да улап бара жатқандығы. «Жастар-келешігіміз» десек, жастарға кері әсер ететін сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресуіміз керек. Қазіргі таңда дарынды жастар үшін ашық және тиімді әлеуметтік саты құру үшін Президенттік жас кадр резервін жасақтау туралы ұлттық комис-

сия құрылып, 300 қазақстандық жас таңдалды. Мұның өзі білімді жастарды қолдау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу деп ойлаймын. Жастардың билік пен байлыққа құмартып қызықпай, өз жолдарын тауып, алған білімдері оларды өмірде туындаған кезкелген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

Менің айтарым, сыбайлас жемқорлықпен күресу тал бесіктен басталуы керек деп ойлаймын. Өйткені жастай тәрбие беріп, санасына сіңірілген нәрсе ғана кәдеге-іске асады деген пікірдемін.

Әбілғазы ТОМАЕВ,
«Аранды» ауылдық округі әкімі

БЕЛСЕНДІ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Қ а з а қ с т а н Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Birgemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсімінде: «Игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау – халқымыздың көне заманнан келе жатқан дәстүрі. Біз осы дәстүрді сақтап қалуымыз керек. Себебі, біреуге қол ұшын созып, қолдау көрсету – қанымызға сіңген қасиет» – деп атап өткен еді.

Қазіргі уақытта, экологияны қорғауға және қиын тұрмыстық жағдайға тап келген адамдарға көмек қолын созуға дайын мыңдаған белсенділер бар. Солардың бірі – Қызылорда облысы Сырдария ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Есенгелді Ережепұлы Есенгелді.

Есенгелді Ережепұлы 1993 жылдың 15 желтоқсанында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келген. Жары Нұрила Айдарлы ауылдық клубта мәдени ұйымдастырушы қызметін атқарады. Жас отбасы бүгінде екі ұл тәрбиелеуде, балалары балабақша жасында.

Ол 2015 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Кәсіптік оқыту» мамандығы бой-

ынша тәмамдаған. Жалпы еңбек өтілі 6 жылдан асса, оның 5 жылын мемлекеттік қызметте өткізуде.

Ал алғашқы еңбек жолын 2018 жылы туған жеріндегі №139 орта мектепте технология пәнінің мұғалімі болып бастаған.

Қазақ халқы «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналыққа сүйенеді. Бұл сөздің шындығына Есенгелді Ережепұлының өмір жолы да дәлел бола алады. Оның әкесі Есенгелді Майлыбаев ұзақ жылдар бойы Айдарлы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарса, анасы Күлшарай Ниязбекова ауылдық дәрігерлік емханада медбике болып еңбек еткен. Бүгінде екеуі де құрметті зейнеткерлік демалыста.

Әрбір азамат үшін туған жер – ең қастерлі мекен. Отанға деген сүйіспеншілік сөзден емес, нақты істерден көрініс табуы тиіс. Есенгелді Ережепұлы осы қағиданы берік ұстанып, туған елінің игілігіне аянбай еңбек етуде. Айдарлы ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкері ретінде ол ауылдың қоғамдық өміріне де белсене араласады.

Қазіргі таңда, Есенгелді ауыл жастарын игі іске тартып, волонтерлік жұмыстарға

жұмылдыруда. Жастар бригадасы түрлі әлеуметтік маңызды істерді жүзеге асырып, нәтижесінде, бүгінгі күнде олардың бастамасымен және демеушілігімен ауылдың кіре берісіне арнайы қақпа орнатылған. Сонымен қатар, екі тұрмысы төмен отбасының үйлерінің шатырларын жаңарту жұмыстарын жүргізіп, ауыл маңына 700 түп ағаш отырғызған. К о м а н д а с ы м е н көгалдандыру шаралары жүзеге асырылды. Осындай белсенді Есенгелді және ауыл жастары ауыл тіршілігіне сіңген еңбектері үшін аудан және облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Жас мемлекеттік қызметкердің туған ауылын көркейту жолындағы еңбегі әлі де жалғасын табады деп сенеміз. Бұл бастамалар өзге де жастарға үлгі болып, ел игілігі үшін атқарылар жұмыстардың жаңа кезеңіне жол ашпақ.

Талғат НУРТАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНАН УЛАНУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештерге қатысты жану оқиғалары көбейуде. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында келесі жұмыстар атқарылуы тиіс:

1) жылыту пештері кемінде үш айда бір реттен;

2) үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар кемінде екі айда бір рет тазартылуы тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер кемінде айына бір рет тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;

2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің (ошақтың) алдына жақын орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу кезінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пай-

далану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;

5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түтіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

ЕГЕР:

-Көмірдің иісін сезсеңіз, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

-ал пешке от жағылмай түтіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғары көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеміз.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.